

Баншев мектеп-лицейінің мемлекеттік аттестаттау кезінде комиссия құрамының тексеру барысында анықталған кемшіліктері мен ескертулерін жою мақсатындағы атқарылған шаралар туралы мәлімет.

Ақтөбе қаласы

05 қаңтар 2025 жыл

Ақтөбе облысының Білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаментінің 2024 жылдың 18-25 қараша күндері аралығында жүргізілген мемлекеттік аттестаттау комиссиясының қорытындысы бойынша төменде аталған кемшіліктер мен ұсыныстар бойынша жоспар құрылып, бұзушылықтарды жою мерзімі анықталды.

1. Біліктілікті 5 жылда растау немесе көтеру талаптарын орындамаған педагогтер анықталды (Ү.Қ. Қоспанова, Ж.А. Изжанова) тексеру барысында аталған педагогтарының біліктілік санаты деңгейін бес жылда бір реттен сиретпей арттыру уақытылы өткізілген мектептегі өзін өзі бағалау кезінде 7-қосымшаға қай уақытта өткендігі уақыты, куәлік, бұйрық нөмірлері толтырылмағандығы анықталған болатын. Аталған педагогтардың куәліктері қоса жалғанды. Сайтқа орналастырылды.

2. Тиісті бейіндер бойынша педагогикалық білімі немесе педагогикалық қайта даярлаудан өтумен кәсіптік білімі бар оқу жұмыс жоспарының пәндеріне сәйкес келмейтін 1 педагог анықталды (Ж.Қ. Мәдірова) аталған педагог куратор лауазымына ауыстырылып, Пушкин атындағы Орал педагогика институтын бітірген. Ибраев Алимжан 1993 жылы мамандағы «Сызу, бейнелеу және еңбек пәндері» мұғалімі. 2024 ж. 28.11. бұйрық № 42 ж/қ бойынша қабылданды. Бұйрық қоса жалғанды. Сайтқа орналастырылды.

3. Соңғы 3 жылда біліктілік арттыру курсына бармаған 7 педагог анықталды (Ж.А. Изжанова, Н. Жасұланұлы, Б.Б. Мухамеджанова, А.Н. Жангелдина, Г.А. Баешова, Ф.Қ. Хасенова, Ү.Қоспанова) аталған педагогтар бойынша Б.Б. Мухамеджанова, Г.А. Баешова, Ү.Қоспанова 7-қосымшаға курстан өткендігі жазылмағандығы анықталды. Бар сертификаттары толтырылмаған. Ал Ж.А. Изжанова, А.Н. Жангелдина, Г қараша айында 3 жылда бір реттен сиретпей біліктілігін арттыру курсына тіркелген болатын. Курстан өткендігі туралы сертификаттары сайтқа орналастырылды.

Н. Жасұланұлы информатика пәні мұғалімі өз еркімен жұмыстан шықты. Бұйрығы қоса жалғанды. Бұйрық сайтқа орналастырылды.

4. ҰБДҚ-нда берілген мәлімет пен ұсынылған құжаттардағы мәліметтер сәйкес емес (ҰБДҚ-нда 20 қызметкер туралы мәлімет және контингент 132 деп берілген, 7-қосымшада 23 педагог туралы мәлімет берілген). ҰБДҚ-да анықталмаған үш педагог тіркелді. Тіркелгендігі турааы мәлімет қоса жалғанды. Вагрузкасы сайтқа орналастырылды.

ҰБДҚ-нда тексеру барысында 132 білім алушы анықталды деп мәлімделінген негізі оқу жылының басында мектепте 127 білім алушы болған. Және аталған мектеп қараша айында мемлекеттік аттестациядан өтетін болғандықтан өзін-өзі бағалу жұмыстары 1-қазан күні сайтқа жүктелген болатын, ал анықталған артық 5 білім алушы қазан айында қабылданған білім алушылар. ҰБДҚ-да жүктеліп және білім алушылардың бұйрықтары қоса жалғанды. Сайтқа орналастырылды.

5. 2023-2024 оқу жылында оқу пәндері бойынша қалыптастырушы және жиынтық бағалау талаптары сақталмаған (2023-2024 оқу жылының электронды журналын зерделеу кезінде анықталды. 1-сыныпта 6 пәннен, 5 сыныпта 2 пән, 6 сыныпта 2 пәннен күнтізбелік тақырыптық жоспарлау салынбаған, 2 сыныпта, 3-сыныпта формативті бағалау жүргізілмеген, 3-сыныпта, 5-сыныпта бөлім бойынша, тоқсан бойынша жиынтық бағалау жүргізілмеген);

6. 2023-2024 оқу жылында “Өмір қауіпсіздік негіздері” курсы электронды журналда 5-сыныпта 15 сағаттың орнына 31 сағат толтырылған (бағдарлама бойынша 15 сағат), 6-сыныпта мүлдем толтырылмаған;

7. 2023-2024 оқу жылында “Жолда жүру ережелері” курсы 6-сыныпта тәрбие сағатына кіріктіріліп толтырылмаған.

Журнал бойынша анықталған кемшіліктер журнал қатаң есептегі құжаттарға жататындықтан түзету жұмыстары жүргізілмейтін болғандықтан ұжымға келешекте бұндай қателіктер қайталанбасы үшін семинар «Білім алушылардың үлгеріміне ағымдық бақылау мен критериалды бағалау талабы», «Өмір қауіпсіздігінің негіздері», «Жолда жүру ережелері» тақырыбында өткізілді. Семинар материалдары қоса жалғанды. Сонымен қатар Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартына сәйкес міндетті оқу курсы игеру туралы мәліметтер берілді. Материалдары қоса жалғанды және сайтқа орналастырылды.

Комиссия мүшелері:

1. Комиссия төрағасы
2. Комиссия мүшесі
3. Комиссия мүшесі
4. Комиссия мүшесі
5. Комиссия мүшесі



Ж.М. Ағысбай

В.Шерипова

А.С. Мендакулова

Б.Б. Мухамеджанова

А.Д. Қожа